



БҮЙРЫҚ

2016 жылдың 21 қазанар

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 58

город Астана

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқаруышы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ	
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ	
20 16	ж. «25» 02
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10981 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған)	
мынадай өзгеріс енгізілсін:	

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқаруышы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10981 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Мектепке дейінгі балалар үйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық

ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу күкірткышындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым  
министрі**



**А. Сәрінжіпов**

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
Е. Досаев  
2016 жылғы «25» күндер

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндеттін атқарушы  
Ж. Қасымбек  
2016 жылғы «26» күндер

*(Signature)*

*(Signature)*

*(Signature)*

*(Signature)*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы «21» жартаудағы  
№ 58 бүйрүғына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 7 сәуірдегі  
№ 172 бүйрүғына 1-қосымша

**«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі  
(7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші;
- 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);
- 3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы: [www.gov.kz](http://www.gov.kz) (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға, порталға жүргінген сәтінен бастап – 30 минут;

01

2) көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсетуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі кезектілік нөмірі көрсетілген кезекке қою туралы хабарлама беру (ерікті нысанда) немесе орын болған жағдайда осы стандартқа 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша мектепке дейінгі үйымыға жолдама беру болып табылады.

Портал арқылы жүгінгенде көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесі және (немесе) «жеке кабинетке» қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғаның электронды цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦК) қойылған электронды құжат түріндегі хабарламасы жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қағаз тасымалдағышпен жүгінгенде, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электронды нысанда ресімделеді, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының мөрімен және қолымен куәландырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электронды (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Бірінші кезекті орынды алуға мыналар құқылы:

1) заңды өкілдері мүгедек болып табылатындардың балалары;

2) ата-ананың қамкорлығынсыз қалған балалар;

3) жетім балалар;

4) көп балалы отбасылардан шыққан балалар;

5) әскери қызметшілердің, оның ішінде қызмет өткеру уақытында қаза тапқандардың, қайтыс болғандардың немесе хабар-ошарсыз кеткендердің балалары;

6) арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, оның ішінде қызмет өткеру кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен қызметкерлердің балалары.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесі бойынша демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00, 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.30, 09.00-ден 18.00, 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүргізіледі.

061

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетүсіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорация: Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес, белгіленген жұмыс кестесі бойынша жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – сенбі аралығында сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін, түскі үзіліссіз жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша қабылдау «электронды» кезек тәртібінде жүзеге асырылады, электронды кезекті портал арқылы брондауға болады.

3) портал: тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) баланың туу туралы күелігі (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

3) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын күеландыратын құжат (ата-анасының бірінің немесе занды өкілдерінің (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) мектепке дейінгі ұйымға бірінші кезекте орын алу құқығын растайтын құжат (бар болғанда).

Көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жеке басын күеландыратын құжаттар, баланың туу туралы күелігі, мектепке дейінгі ұйымға бірінші кезекте орын алу құқығын растайтын құжат туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электронды үкімет» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде акпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпиясы бар мәліметтерін пайдалануға келісім алады.

Көрсетілетін қызметті алушы кент, ауыл, ауылдық округ әкімдігіне жүгінгенде осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет) және көшірмелерін ұсынады.

Порталға: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен күеландырылған электронды құжат нысанындағы сұрату.

Жеке басын күеландыратын құжаттар, баланың туу туралы күелігі, мектепке дейінгі ұйымға бірінші кезекте орын алу құқығын растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электронды үкімет» шлюзі арқылы алады.

Порталда электронды өтінімді қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттар қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

**3. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оныңлауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорациялардың және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оныңлауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша түрде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымның қабылдануын растау оның шағымды қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімін және орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) берілген шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жолданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсете сапасын бағалай және бақылау жөніндегі уәкілдегі органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері жөніндегі бірынғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

**4. Мемлекеттік қызмет көрсегудің, оның ішінде электронды нысанда және  
Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің  
ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Организм функцияларының тіршілік әрекетін шектейтін денсаулығы тұрақты бұзылған көрсетілетін қызметті алушылар қажет болған жағдайда Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 нөмірлеріне жүгінгенде, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжат қабылдауды олардың тұрғылықты жерінде жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсете орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) интернет-ресурсында;
- 2) Мемлекеттік корпорацияның [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz);
- 3) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) порталында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсете тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың «Жеке кабинеті», мемлекеттік қызмет көрсете мәселесі жөніндегі анықтама қызметтері, сондай-ақ Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет» бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Мектепке дейінгі балалар  
ұйымдарына жіберу үшін мектепке  
дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы  
балаларды кезекке қою»  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
1-қосымша

Мемлекеттік қызметті берушінің  
ақпараттық жүйелері арқылы электронды  
түрде берген құжаттың шығу нысаны



Код жиынтықтың тұрғындағы қызығылт  
Документ: сіхтінде орналасқан электрондық правоғалыктың  
Верілген күні  
Даты подачи

ЗАТЫЛЕН  
ХАҚСЫЗОН  
АЗОВАРМ

№ \_\_\_\_\_ жолдама

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

(мектепке дейінгі ұйымның мекенжайы)

(байланыс телефондары)

Баланың Т.А.Ә. (бар болғанда) \_\_\_\_\_

Түрлігін күні \_\_\_\_\_

Үйінің мекенжайы \_\_\_\_\_

Байланыс телефондары \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_


(Т.А.Ә. (бар болғанда))

(берілген күні)

*Ескерту: Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымга 5 жұмыс күні ішінде барып жолдаманы тіркеуі қажет.*

Осы қартоқта «Электрондық мәдениет жөнін электрондық цифровынан жеке түрде 2008 жылдың 7 наурыздың 28-ші күнінде 38-ші ЗЕРД 7-байырданған оның 2-ші тапсынындағы тәсілмен жасалған мәдениеттің тәсілдерінде көрсетіледі.

Документтың жиынтықтың тұрғындағы қызығылттың 7 ЗЕРД 2008 жылдың 30-ші наурыздың 2-ші күнінде «ОНГ мәдениеттің мәдениеттің тәсілдерінде көрсетілуден көнегінен көрсетілген документтың жиынтықтың 2-ші тапсынындағы тәсілмен жасалған мәдениеттің тәсілдерінде көрсетіледі.



\* 123 тұрақ-нұсқа «Электрондық мәдениет жөнін электрондық жиынтықтың 2008 жылдың 7 наурыздың 28-ші күнінде 38-ші ЗЕРД 7-байырданған оның 2-ші тапсынындағы тәсілмен жасалған мәдениеттің тәсілдерінде көрсетіледі.

123 тұрақ-нұсқа «Электрондық мәдениет жөнін электрондық жиынтықтың 2008 жылдың 7 наурыздың 28-ші күнінде 38-ші ЗЕРД 7-байырданған оның 2-ші тапсынындағы тәсілмен жасалған мәдениеттің тәсілдерінде көрсетіледі.

Кент, ауыл, ауылдық округ  
әкімі қағаз түрінде берген  
құжаттың шығу нысаны

№ \_\_\_\_\_ жолдама

(мектепке дүйінгі үйымның атауы)

(мектепке дейінгі үйымның мекенжайы)

(байланыс телефондары)

Баланың Т.А.Ә. (бар болғанда) \_\_\_\_\_

Түүлған күні \_\_\_\_\_

Үйінің мекенжайы \_\_\_\_\_

Байланыс телефондары \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_

(колы, мөр, Т.А.Ә. (бар болғанда))

(берілген күні)

*Ескерту: Ата-аналар мектепке дейінгі үйымга 5 жұмыс күні ішинде барып жолдаманы тіркеуі қажет.*

«Мектепке дейінгі балалар  
ұйымдарына жіберу үшін мектепке  
дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы  
балаларды кезекке қою»  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
2-қосымша

Нысан

Респубикалық маңызы бар қаланың және  
астананың білім басқармасының,  
ауданың (облыстық маңызы бар  
қаланың) білім бөлімінің басшысына  
Кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне  
(керектісін сыйызы)

---



---

мекенжайында тұратын:

---



---

(Т.А.Ә. (бар болғанда) және ЖСН)

тел.

---

### Отініш

\_\_\_\_\_ жылы тұган, жеке  
сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_  
балам \_\_\_\_\_  
мектепке дейінгі ұйымға кезекке қоюыңызды сұраймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпиясы бар мәліметтерді  
пайдалануға келісім беремін.

*Ескерту: көнбалалы отбасылар және әскери қызметшілердің, арнайы мемлекеттік  
органдардың отбасылары Мемлекеттік корпорацияга немесе электронды үкімет  
порталына жүргінгенде, мектепке дейінгі ұйымға бірінші кезекте орын алуға құқықты  
растайтын құжаттарды респубикалық маңызы бар қаланың және астананың білім  
басқармаларына, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөліміне тұрғылықты  
жері бойынша 5 жұмыс күні ішінде тапсыра алады.*

Мерзімі \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

«Мектепке дейінгі балалар  
ұйымдарына жіберу үшін мектепке  
дайындауда (7 жасқа дейін) жастағы  
балаларды кезекке қою»  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
З-қосымша

---

(Т.А.Ә., әкесінің аты болғанда)

---

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

### **Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы** **қолхат**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2)-тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № \_\_\_\_ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында қарастырылған тізбеге сәйкес толық емес құжаттар топтамасын ұсынуыныңға, атап айтқанда:

(жоқ құжаттардың атауы):

- 1) \_\_\_\_\_ ;
- 2) \_\_\_\_\_ ;
- 3) ..... .

жоқтығына байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызмет (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауын көрсету) үшін құжаттар қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр тараپқа біреуден екі данада жасалды.

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болғанда) \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Кабылдады: Т.А.Ә. (бар болғанда) \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

«\_\_\_\_ » \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл.

